

## БӨЛІМ: ЭССЕ

## Жаңғыру жолындағы жас маман рөлі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.05.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/35912/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Жаңғыру жолындағы жас маман рөлі

Тәуелсіздік алғалы 26 жылдан асты. Егемен ел болған Қазақстанның алғашқы ұрпағы ат жалын тартқан азамат, елдің тізгінің ұстайтын халге жетті. Сондықтан аталған мақаланы негізгі көзі жастарға ескерту, олардың көзін ашу, алға жетелеу.

Мақалада көрсетілген орындалу керек міндеттердің бәрі дерлік жастар алдында тұрған міндеттер. Тіл үйрену, қабілетті болу, ел үшін тер төгу. Елбасының бұған дейін де «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» деген сөзі де әлі ықпалын жоғалтқан жоқ. Тіпті бұл ұрпақтан – ұрпаққа жалғасын табатын дана сөз болып қалары анық.

Жастардың билікке келуі, олардың сауаттылығы мен ел басқарудағы әрбір міндеттері маңызды рөл атқарады. Шалалыққа бармас үшін әрбір қазақстандық жас осы мақаладағы көрсетілген міндеттер мен тапсырмалар негізінде жұмыс жасау керек.

Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Осы жылы Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталды. Біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі-саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 – елдің қатарына қосылу. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс.

Күллі жер жүзі көз алдымызда күн санап өзгеріп келеді. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған талаптарын қағидалардан арылмасақ көш басында елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес.

Елбасымыздан рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылым, а маңыз беруі – үлкен көрегендікпен ұлттың алға ілгеруін жылдам қарқының жылжытып қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бағыты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Қазіргі таңда жеке адам ғана емес тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Болашақта зор табысқа жету үшін жас мамандардың рөлі айрықша. XXI – ғасырда білімді жастарымыз көп. Жас мамандарымыз қазіргі таңда

елімізге қажетті, тапшы мамандықтарды оқып, елге елеулі үлестерін қосып отыр. Дамыған заманда компьютерлік сауаттылықты білетін, үш тілде еркін сөйлейтін мамандарымыз жетерлік. Сол мамандарымыздың арқасында біз ұлттың бәсекелестікке түсе аламыз. Жас мамандарымыз өзін жаңа жақты оқытып, әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруге аянбай еңбек етуде. Осы уақытқа дейін ашылмаған тарихымызды зерттеп барлық ғылым салалар бойынша жұмыс жасап жатыр. Қазірде болып жатқан «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияларының келісім» сияқты бағдарламалар ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы. Біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз, бұл дегеніміз, қазақ елінде білімді азаматтар мен азаматшалар көп. Барлық ғылым салаларында жас мамандар аянбай еңбек етіп, елімізді жаңа сатыға көтерілуіне зор үлес қосып тұр. Бәсекеге қабілетті болу үшін білімді болу мен қатар, дұрыс тәрбие алу керек. Тәрбиесіз білім сусыз диірмен. Сондықтан тәрбие мен білімді жүргізуіміз қажет. Елбасы көптеген маңызды мәселені көтеріп келеді. Көтерген мәселенің барлығы дұрыс. Бірақ сол айтылған жоба – жоспарларды жүзеге асыра алмай жатқанымызға өзіміз кінәліміз. Бұл мақалада сананың ашықтығы мен кәсіпке адалдық, білімге ұмтылыс та айтылды. Шыңдықты шамы дарияның астында да жанады. Шын жүрекке тұсау жоқ: қай істе де ашықтық пен адалдық керек. Абайдың «Адалдыққа еш нәрсе жетпейді» — деп айтқан сөзі бар. Біздің елімізге, жерімізге деген адалдығымыз, ұлтымызға деген сүйіспеншілігіміз арта беруі керек. Ешқашан да ақша қумаймыз, елдің имандылығын, татулығын, тұтастығын, бірлігін ту етуіміз қажет. Құдайға шүкір, дамыған 50 елдің қатарына қосылдық. Енді біздің алдымызда дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсаты тұр. Ол үшін бірлік, білім мен еңбек қажет. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» атты мақаласын оқып шығып үлкен бір серпіліс, қуаныш үстінде отырмын. Себебі осы мақалада көтерілген рухани мәселелер – сонау 1986 жылғы жариялылықтан бері айтылып келген, толғағы жеткен дүниелер болатын. Бұл қарапайым мақала ғана емес, қазақ халқының рухани құндылықтарын қалыпқа түсіру, түгендеу, саралау, заман талабын ескере отырып тура жолға қою және дамытуға арналған бағдарламалық құжат деуге толық негіз бар. Осынау бағдарламалық мақалада қазіргі уақыттағы ұлттық сана, таяу жылдардағы міндеттерге қатысты бір қатар мәселелер айтылды. Соның ішінде еліміздің жарқын болашақта латын әліпбиіне көшуі хақында біраз түйінің тарқатар түйткілді дүниелер көтерілді. Мемлекетіміздің түптің түбінде латын әліпбиіне көшетіні анық. Жас мамандарымыздың рухани жаңғыру жолында алып жатқан рөлдері зор.

**КМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.